

Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 289 "Қобда ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына езгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 124 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 маусым № 7149 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 359 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 04.12.2020 № 359 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18, 139 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Қобда ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 289 "Қобда ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6592 болып тіркелген, 2019 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. "Қобда ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін, Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қобда ауданының әкімі

Б. Кулов

КЕЛІСІЛДІ:

Қобда аудандық

мәслихатының хатшысы

Ж.Ергалиев

2020 жылғы " "

Қобда ауданы әкімдігінің

2020 жылғы 2 маусымы № 124

қаулысына қосымша

Қобда ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

№	Лауазымдардың атауы
Білім саласы мамандарының лауазымдары	
1	Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық қасіпорын (шагын жинақталған мектеп, мектепке дейінгі білім беру үйімдарынан басқа) басшысы
2	Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық қасіпорын: мектепке дейінгі білім беру үйімдарының басшысы;
3	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысының орынбасары (ӘШБ бойынша басшының орынбасарынан басқа)
4	Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйімдарының барлық мамандықты мұғалімдер, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты үйімдастырушы оқытушы
5	Дене шынықтыру нұсқаушысы, қосымша білім беретін педагог, үйімдастырушы педагог, педагог-психолог (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарының педагог-психологін қоспағанда), жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарының педагог-психологі, әлеуметтік педагог, тәрбиеші, (білім беру үйімдарында)
6	Әдіскер (негізгі қызметтердің), музикалық жетекші (негізгі қызметтердің)
7	Аккомпаниатор (негізгі қызметтердің), хореограф (негізгі қызметтердің), мәдени үйімдастырушы, бастаушы
8	Кітапхана басшысы (менгерушісі), кітапханашы
9	Музикалық жетекшісі (негізгі қызметтердің)
10	Біліктілігі орташа деңгейлі санаты жоқ мамандар: мейірбике (мейіргер), емдемдік мейірбике
11	Менеджер
12	Бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі маман
13	Зертханашы
Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары	
1	Аудандық Халықтың жұмыспен қамту орталығының басшысы

2	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ маманы: әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
3	Карттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
4	Халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантты
5	Халықты жұмыспен қамту орталығының асистенті
6	Жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы
Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары	
1	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы
2	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысының орынбасары
3	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы
4	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасары
5	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ труппа, кітапхана менгерушісі (басшысы)
6	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ көркемдік жетекшісі
7	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ бас бухгалтері
8	Біліктілігі орта деңгейдегі мамандар: бухгалтер, экономист, мемлекеттік сатып алу бойынша инспектор
9	Заңгер
10	Аккомпаниатор, концертмейстр, барлық атаудағы әртістері, режиссер асистенті, балетмейстер, библиограф, барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), музыкалық жетекші, музыкалық көркемдеуші, хореограф, мәдени ұйымдастыруши (негізгі қызметтер), суретші, продюсер, режиссер, қоюшы режиссер, вокал бойынша дайындаушы
11	ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: аранжировщик
12	Кітапханашы
Спорт саласы мамандарының лауазымдары	
1	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы
2	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысының орынбасары
3	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасары
4	Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ бас бухгалтері
5	Біліктікегі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: (мамандандырылған) медициналық бике/аға
6	Біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты мамандар: әдіскер, жаттықтыруши
7	Біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ мамандар: жаттықтыруши, нұсқаушы-спортшы
8	Біліктікелігі орташа деңгейлі екінші санатты мамандар: жаттықтыруши
9	Біліктікелігі орташа деңгейлі санаты жоқ мамандар: жаттықтыруши
10	Әкімшілік қызметтерді орындастын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: инженер мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер
11	Техникалық орындаушылар: іс жүргізуші

Аббревиатураудардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме;

МҚҚ – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

ӘШБ –әкімшілік-шаруашылық бөлім

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК